

Қазақстан Республикасы Президентінің "Болашақ" халықаралық стипендиясын тағайындау үшін үміткерлерді іріктеу ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 26 мамырдағы N 511 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 11 маусымдағы N 573 Қаулысымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.06.11 N 573 Қаулысымен.

"Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссия туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 12 қазандағы N 470 Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Президентінің "Болашақ" халықаралық стипендиясын тағайындау үшін үміткерлерді іріктеу ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2005

жылғы

26

мамырдағы

N 511

қаулысымен

бекітілген

Қазақстан

Республикасы

Президентінің

"Болашақ"

халықаралық

стипендиясын

тағайындау

үшін

үміткерлерді

іріктеу

ЕРЕЖЕСІ

Осы Ереже "Шетелде кадрлар даярлау үшін Қазақстан Республикасы Президентінің "Болашақ" халықаралық стипендияларын белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 5 қарашадағы N 1394 қаулысымен белгіленген шетелде кадрлар даярлауға Қазақстан Республикасы Президентінің "Болашақ" халықаралық стипендиясын тағайындау үшін (бұдан әрі - "Болашақ" стипендиясы) үміткерлерді іріктеу тәртібін айқындайды.

1. Жалпы ережелер

1. "Болашақ" стипендиясы дербес болып табылады және оны жыл сайын Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссия (бұдан әрі - Республикалық комиссия) Қазақстан үшін неғұрлым қажетті мамандықтар бойынша стипендиаттар жоғары арнаулы білім, бакалавр, магистр, ғылым кандидаты, докторы (Ph.D) дәрежелерін алу, сондай-ақ шетелдік жоғары оқу орындарында күндізгі оқыту нысаны бойынша клиникалық ординатурада және аспирантурада кадрларды медициналық мамандықтар бойынша оқыту мақсатында тағайындайды.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.04.26. N 328 қаулысымен.

2. Оның негізінде "Болашақ" стипендиясы тағайындалатын Қазақстан үшін неғұрлым қажетті мамандықтардың жыл сайынғы тізбесін (бұдан әрі - мамандықтар тізбесі) жұмыс органы болып табылатын Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің (бұдан әрі - жұмыс органы) ұсынуы бойынша Республикалық комиссия бекітеді.

3. Қазақстан Республикасы Президентінің "Болашақ" халықаралық стипендиясына құжаттар тапсыру және конкурс (бұдан әрі - конкурс) өткізу мерзімін жыл сайын жұмыс органы айқындайды. Жұмыс органы конкурс өткізгенге дейін ресми баспасөзде оның басталуы туралы хабарландыру жариялайды, ұсынылатын құжаттарды осы Ереженің 2, 3-тарауларында белгіленген талаптарға сәйкес келу мәніне зерделейді.

Құжаттар осы Ережеде белгіленген талаптарға сәйкес келмеген жағдайда, жұмыс органы екі апта мерзімде үміткерді бас тарту себептері туралы міндетті түрде хабардар ете отырып, құжаттарды қараудан бас тартады.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2006.04.26. N 328 қаулысымен.

4. "Болашақ" стипендиясын қаржыландыру бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады және ол жұмыс органының оқытуға, визаларды ресімдеуге, шетелдік жоғары оқу орындарының сауалнамалық нысандарына ақы төлеуге, қабылдаушы елдердің уәкілетті органдарында стипендиаттарды тіркеуге, тұруына, тамақтануына, оқу әдебиетінің бір бөлігіне, медициналық сақтандыруға, оқуға түскен кезінде Қазақстандағы тұрғылықты жерінен оқитын жеріне дейін және оқуын аяқтағаннан кейін қайта оралуына, әрбір оқу жылынан кейін Қазақстандағы тұрғылықты жеріне дейінгі жолына және қайта оралуына кететін шығыстардың барлық түрлерін, осы Ереженің 14-тармағында көрсетілген тәуелсіз сараптама комиссияларының (бұдан әрі - сараптама комиссиясы) үміткерлерді іріктеу жөніндегі қызметін жүзеге асыруға байланысты шығыстарды, шетелдік серіктестердің жұмыс органымен жасалған шарттар бойынша міндеттемелерін орындауға байланысты олардың шығыстарын,

стипендиаттарды оқытуға ақы төлеу үшін валюталық құндылықтарды пайдалануға байланысты операцияларды жүргізуге лицензия алуға лицензиялық алымға төленетін ақыны, сондай-ақ хабарландырулардың бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануын қамтитын конкурстық іріктеуді ақпараттық қ о л д а у д ы қ а м т и д ы .

Әрбір шетелдік жоғары оқу орны бойынша "Болашақ" стипендиясының" мөлшерін шетелдік жоғары оқу орындары және шетелдік серіктестер ұсынған тиісті шығыстарды растайтын құжаттардың негізінде жұмыс органы белгілейді.

Ескерту. 4-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.04.26. N 328 қаулысымен.

5. "Болашақ" стипендиясы шетелдік жоғары оқу орнында оқу үшін беріледі.

Ескерту. 5-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.04.26. N 328 қаулысымен.

2. Жоғары арнаулы білім, бакалавр дәрежесін алуға "Болашақ" стипендиясын тағайындау үшін үміткерлерге қойылатын талаптар

6. Конкурсқа қатысуға Қазақстан Республикасының 18 жасқа толған мынадай а з а м а т т а р ы ж і б е р і л е д і :

- 1) жалпы орта, бастауыш және орта кәсіптік білімі бар;
- 2) соңғы курста оқитындарды қоспағанда, республиканың жоғары оқу о р ы н д а р ы н д а о қ и т ы н д а р ;
- 3) жоғары арнаулы білім немесе бакалавр дәрежесін алғаш рет алу үшін халықаралық рейтингілер негізінде жұмыс органы айқындайтын шетелдік жетекші жоғары оқу орындарына өз бетімен түскендер немесе оларда оқитындар.

Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.04.26. N 328 қаулысымен.

7. Үміткер мынадай талаптарға сәйкес болуы тиіс:

1) талапкерлерді ұлттық бірыңғай тестілеу (бұдан әрі - ҰБТ) немесе кешенді тестілеудің нәтижелері кемінде 90 балл болуы тиіс;

1-1) осы Ереженің 6-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген тұлғалар үшін оқып жүрген мамандығы шетелде оқу үшін таңдаған мамандығына ұқсас б о л у ғ а т и і с ;

2) жалпы орта, бастауыш және кәсіптік орта білім берудің білім бағдарламаларын іске асыратын оқу орнын аяқтағандағы орташа үлгерім баллы кемінде 4 , 5 б о л у ы ;

3) болған жағдайда шет тілі бойынша емтихан тапсырғаны туралы белгіленген нысандағы тиісті ресми сертификаттардың нотариалды куәландырылған көшірмелерімен расталған оқыту тілін (ағылшын, неміс,

француз және басқалары) меңгеруі (білуі).

Осы Ереженің 6-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген тұлғаларда жоғарыда баяндалған талаптарға қосымша ағымдағы үлгерімінің орташа баллы бүкіл оқу кезеңінде кемінде 4,5 болуы тиіс.

Осы Ереженің 6-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген тұлғалардың ағымдағы үлгерімінің орташа баллы немесе оның шетелдік баламасы кемінде 4,5 болуы қажет. Олар конкурсқа ҰБТ-ден немесе кешенді тестілеуден өткендігі туралы талап ескерілмей қатысады.

Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.04.26. N 328 қаулысымен.

7-1. Оқыту тілін меңгерудің (білудің) ең төменгі деңгейін шетелдік жоғары оқу орындары белгілеген талаптар негізінде жұмыс органы айқындайды.

Ескерту. 7-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2006.04.26. N 328 қаулысымен.

8. Конкурсқа қатысу үшін үміткер мынадай құжаттарды ұсынуы тиіс:

- 1) негіздемелік өтініш;
- 2) толтырылған сауалнама;
- 3) орта білімі туралы аттестаттың және/немесе бастауыш және орта кәсіптік білімі туралы дипломның нотариалды куәландырылған көшірмелері;
- 4) осы Ереженің 6-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген тұлғалар білім алуды аяқтамаған азаматтарға берілетін анықтаманы қосымша ұсынады;
- 5) талапкердің ҰБТ-ны немесе кешенді тестілеуді тапсырғаны туралы сертификаттың нотариалды куәландырылған көшірмесі;
- 5-1) болған жағдайда шет тілі бойынша емтихан тапсырғаны туралы белгіленген нысандағы тиісті ресми сертификаттың нотариалды куәландырылған көшірмесі;
- 6) оқу орны басшысының қолы қойылған ұсынымдық хат;
- 7) бар болған жағдайда мақтау грамоталарының, сертификаттарының, дипломдарының және осы сипаттағы басқа құжаттарының көшірмелері;
- 8) денсаулық жағдайы туралы белгіленген нысандағы медициналық анықтама

Осы Ереженің 6-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген тұлғалар шетелдік жоғары оқу орнына қабылданғандығын растайтын құжаттарды және шетелдік жоғары оқу орны куәландырған үздік үлгерімінің барлығы туралы құжатты қосымша ұсынады.

Ескерту. 8-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.04.26. N 328 қаулысымен.

9. Шетелде оқуға конкурсты өткізу кезінде: "Алтын белгі" белгісінің иегерлері, тізбесін білім беру саласындағы Қазақстан Республикасының орталық

атқарушы органы белгілейтін жалпы білім беру пәндері бойынша халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жарыстардың (бірінші, екінші және үшінші дәрежелі дипломдармен марапатталғандар), соңғы үш жылда республикалық және халықаралық орындаушылар конкурстарының (бірінші, екінші және үшінші дәрежелі дипломдармен марапатталғандар) жеңімпаздары, сондай-ақ таңдаған мамандықтар олар жеңімпаздар болып табылатын олимпиада немесе конкурс пәніне сәйкес келген жағдайда ағымдағы жылғы жалпы білім беру пәндері бойынша республикалық олимпиадалар мен ғылыми жарыстардың (бірінші, екінші және үшінші дәрежелі дипломдармен марапатталғандар) жеңімпаздары басымдық құқыққа ие болады.

3. Магистр, ғылым кандидаты, докторы (Ph.D) дәрежесін алу және клиникалық ординатурада және аспирантурада медициналық мамандықтар бойынша оқуға "Болашақ" стипендиясын тағайындау үшін үміткерлерге қойылатын талаптар

Ескерту. Тақырыбына өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.04.26. N 328 қаулысымен.

10. Конкурса қатысуға:

- 1) 18-ден 35 жасқа дейінгі, кәсіптік жоғары білімі бар;
- 2) халықаралық рейтингілер негізінде жұмыс органы айқындайтын жетекші шетелдік жоғары оқу орындарына өз бетімен түскен немесе оқитын және осы тармақтың 1) тармақшасының талаптарына сәйкес келетін Қазақстан Республикасының азаматтары жіберіледі.

Ескерту. 10-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.04.26. N 328 қаулысымен.

11. Үміткер мынадай талаптарға сәйкес болуы тиіс:

- 1) жоғары оқу орнын аяқтағандағы орташа үлгерім баллы кемінде 4,5 болуы тиіс;

1-1) жоғары кәсіптік білімі туралы дипломы бойынша мамандығы шетелде оқу үшін таңдаған мамандығына ұқсас болуға тиіс;

- 2) болған жағдайда шет тілі бойынша емтихан тапсырғаны туралы белгіленген нысандағы тиісті ресми сертификаттардың нотариалды куәландырылған көшірмелерімен расталған оқыту тілін (ағылшын, неміс, француз және басқалары) меңгеруі (білуі).

Осы Ереженің 10-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген тұлғалар жоғары оқу орнын аяқтағандағы орташа үлгерім баллының бары туралы талаптан босатылады.

Ескерту. 11-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.04.26. N 328 қаулысымен.

11-1. Оқыту тілін меңгерудің (білудің) ең төменгі деңгейін шетелдік жоғары оқу орындары белгілеген талаптар негізінде жұмыс органы айқындайды.

Ескерту. 11-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2006.04.26. N 328 қаулысымен.

12. Үміткер конкурсқа қатысу үшін мынадай құжаттарды тапсыруы қажет:

- 1) негіздемелік өтініш;
- 2) толтырылған сауалнама;
- 3) жұмыс орнынан және жоғары оқу мекемесіндегі оқу орнынан ұсынымдық х а т ;
- 4) қосымшалары бар жоғары білімі туралы дипломының және/немесе магистр дипломының және/немесе ғылым кандидаты дипломының нотариалды куәландырылған көшірмелері;
 - 4-1) болған жағдайда шет тілі бойынша емтихан тапсырғаны туралы белгіленген нысандағы тиісті ресми сертификаттың нотариалды куәландырылған көшірмесі ;
 - 5) бар болған жағдайда басқа оқу орындарында, курстарда, ординатурада, аспирантурада, магистратурада оқығандығы туралы куәландыратын құжаттардың көшірмелері ;
 - 6) денсаулық жағдайы туралы белгіленген нысандағы медициналық анықтама .

Осы Ереженің 10-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген тұлғалар қабылданғандығын растайтын құжаттарды және шетелдік жоғары оқу орны куәландырған үздік үлгерімі туралы құжатты қосымша ұсынады.

Ғылым кандидаты, докторы (Ph.D) дәрежесіне үміткер жоғарыда санамаланған құжаттарға қосымша міндетті түрде ғылым кандидаты, докторы (Ph.D) дәрежесін алуға оқу үшін шетелдік жоғары оқу орнының шақыру қағазын, шетелдік жоғары оқу орны бекіткен оқудың және жұмыстың кеңейтілген жоспарын, сондай-ақ өз мақалаларының тезистерін, ғылыми жарияланымдарының, оқу-әдістемелік әзірлемелерінің тізбесін ұсынады.

Техникалық және медициналық мамандықтар бойынша үміткерлер осы Ереженің 11-тармағының 2) тармақшасында көзделген шет тілін меңгеруі туралы талаптарды ескерусіз конкурсқа қатыса алады.

Ескерту. 12-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.04.26. N 328 қаулысымен.

4. "Болашақ" стипендиясын тағайындау үшін конкурс өткізу тәртібі

13. Конкурс екі турдан тұрады.

Бірінші турға осы Ереженің 2, 3-тарауларында айтылған талаптарға сәйкес келетін үміткерлер қатыса алады.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2006.04.26. N 328 қаулысымен.

14. Конкурстың бірінші туры үміткердің тілді меңгеру (білу) дәрежесін, жалпы білім және/немесе кәсіби даярлық деңгейін айқындау мақсатында жыл сайын тәуелсіз сараптама комиссиясы өткізеді.

Сараптама комиссияларының дербес құрамы мен жұмыс тәртібін жыл сайын мүдделі жоғары оқу орындарының, мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдардың келісімі бойынша жұмыс органы бекітеді.

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2006.04.26. N 328 қаулысымен.

15. Бірінші турда сараптама комиссиясы тестілеу және әңгімелесу жолымен үміткердің тілді меңгеру (білу) дәрежесін шетелдік жоғары оқу орындары талаптарының негізінде оларда оқу үшін жұмыс органы белгілеген тиісті білім деңгейлері бойынша ең төменгі талаптарға сәйкестік мәніне тексереді. Тестілеу нәтижелері ресми сертификаттар немесе қорытындылар түрінде ресімделеді.

Тілді меңгеру (білу) дәрежесін айқындауға арналған тестілеуге және әңгімелесуге қатысудан мынадай:

осы Ереженің 6-тармағының 3) тармақшасында және 10-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген;

шетелдік жоғары оқу орындары белгілеген талаптарға сәйкес келген жағдайда тілдік тестілерді тапсырғаны туралы ресми сертификаттың нотариалды куәландырылған көшірмесін табыс еткен тұлғалар босатылады.

Тестілеу және үміткерлермен әңгімелесу нәтижелері бойынша сараптама комиссиясы әрбір үміткердің тілді меңгеру (білу) дәрежесі туралы дербес қорытынды береді.

Техникалық және медициналық мамандықтар бойынша оқуға үміткерлерге дербес қорытындыда қосымша бір-екі семестрлік тілдік даярлықтан өтуге ұсынымдар берілуі мүмкін.

Сараптама комиссиясы үміткерлердің жеке істерін қарайды, үміткерлердің таңдалған оқу бағыты бойынша даярлығын айқындау мақсатында жеке әңгімелесу және тиісті саладағы мамандарды тарта отырып, психологиялық тестілеу жүргізеді.

Бірінші тур аяқталғаннан кейін шет тілін меңгерудің (білудің) айқындалған дәрежесінің, үміткерлермен өткізілген әңгімелесудің және психологиялық тестілеудің нәтижелеріне сәйкес сараптама комиссиясы жұмыс органына әрбір үміткер бойынша жазбаша түрде дербес қорытынды ұсынады.

Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2006.04.26. N 328 қаулысымен.

16. Бірінші тур өткізілгеннен кейін жұмыс органы үміткерлердің материалдарын Республикалық комиссияның қарауы үшін екінші турға енгізеді.

Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2006.04.26. N 328 қаулысымен.

17. Конкурстың екінші туры Республикaлық комиссия өткізеді, үміткерлердің материалдарын қарағаннан кейін мамандықтардың тізбесіне сәйкес "Болашақ" стипендиясын тағайындау туралы түпкілікті шешім қабылдайды.

18. Арнаулы жоғары білім, бакалавр дәрежесін алуға өткізілетін конкурстың жеңімпаздары, сондай-ақ техникалық және медициналық мамандықтар бойынша магистр және ғылым кандидаты, докторы (Ph.D) дәрежесін алуға өткізілетін конкурстың жеңімпаздары Республикалық комиссияның шешімі бойынша "Болашақ" стипендиясының есебінен шет тілі бойынша бір-екі семестрлік дайындық курстарынан өтуге жіберіледі.

Егер стипендиат шет тілін қажетті көлемде игермеген жағдайда, шетелдік жоғары оқу орнының ұсынымдары негізінде ол Республикалық комиссия шешімі бойынша "Болашақ" стипендиясы бойынша оқуды одан әрі жалғастыру құқығынан айырылады және оны шетелде даярлауға және оқытуға жұмсалған қаражатты мемлекетке өтейді.

Ескерту. 18-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.04.26. N 328 қаулысымен.

5. Шетелде оқу үшін стипендиатпен шарт жасасу және оның шарттық міндеттемелерді орындауы

19. Жұмыс органы стипендиатпен оқуды ұйымдастыру туралы шарт жасасады, онда мыналар міндетті түрде қамтылуы тиіс:

- 1) ш а р т т ы ң м ә н і ;
- 2) тараптардың құқықтары мен міндеттемелері;
- 3) осы Ереженің 18, 22-тармақтарында көзделген жағдайларда стипендиатты оқытуға жұмсалған қаражатты оның қайтаруы жөніндегі міндеттемелерді орындауын қамтамасыз ету тәсілі;
- 4) оқытудың мерзімі мен шарттары;
- 5) шетелде оқуын аяқтағаннан кейін бес жыл Қазақстанда жұмыспен өтеу үшін стипендиаттың міндетті түрде Қазақстан Республикасына қайтып оралуы т у р а л ы ш а р т .

Ескерту. 19-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.04.26. N 328 қаулысымен.

20. Шарт стипендиаттарға оқыту және шетелдік серіктестерге ақша аудару жөніндегі барлық шығыстарды төлеу үшін негіз болып табылады.

21. Шетелдік серіктестерге немесе шетелдік жоғары оқу орындарына ақша аударғаннан кейін жұмыс органы шартта көрсетілген мерзімде шетелдік жоғары оқу орындарына оқуға стипендиаттарды жіберуді қамтамасыз етеді.

Ескерту. 21-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.04.26. N 328 қаулысымен.

22. Егер стипендиат Республикалық комиссия дәлелсіз деп таныған себептермен оқу бағдарламасынан шығып қалған жағдайда немесе шартта көзделген өз міндеттемелерін орындамаса, ол оны оқытуға жұмсалған ақшаның барлық сомасын оқуды ұйымдастыру туралы шартта көзделген мерзімде қ а й т а р у ғ а м і н д е т т і .

Ескерту. 22-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.04.26. N 328 қаулысымен.

23. Стипендиат шартта көрсетілген еңсерілмес күш жағдайларының салдарынан өзінің міндеттемелерін толық немесе ішінара орындамаған жағдайда жауапты болмайды.